

«Экологияға мән беретін уақыт жетті»

«Ақ жол» газетінің 30-қаршадағы №140 санына «Экологияға мән беретін уақыт жетті» атты мақала жарияланды.



Экологияға мән беретін уақыт жетті

Бүгінде елімізде жұртшылықты экологиялық мәселелер алаңдатып отырғаны байқалады. Мәселен, батыс өңірде газ бен мұнайдың ауаны ластауы, солтүстік өңірлерде ірі кәсіпорындардың шоғырлануынан қалаларды қара түтін басқаны, Алматы, Шымкент секілді ірі қалалардың ластануы ешкімді бейжай қалдырмаса керек.

Әрине, еліміздің солтүстік өңіріне «көгілдір отын» газ магистралінің жеткізілуі бұл мәселені жеңілдететіні анық. Қазірдің өзінде Нұр-Сұлтан қаласының үлкен бір бөлігі «көгілдір отынға» қосылды. Алдағы жылдары ол көлемін ұлғайтып, қаланы қара-түтіннен құтқаратыны анық. Бұл экологиялық қауіпсіздік саласында атқарылып жатқан тірліктің бір парасы ғана.

Кешегі кеңестік кезеңде Жамбыл қаласы (бүгінгі Тараз) еліміздегі ауасы лас қалалардың бірі аталатын. 1989 жылы республикамызда табиғат қорғау комитетінің 2005 жылға дейінгі «Экология» бағдарламасы қабылданған. Онда елімізде ауа-су, жер тазалығын жақсарту белгіленген. Оны талқылауға министрліктер, жергілікті халық депутаттары Кеңесінің атқару комитеттері, табиғат қорғау ұйымдары қатысқан. Алайда ол бағдарлама сөз жүзінде қалып қойды.

1992 жылы Жамбыл қаласында «Халыққа білім беру жүйесіндегі экологиялық оқыту мен тәрбие» проблемасына арналған мемлекетаралық ғылыми-педагогикалық және



методикалық конференция өтеді. Конференцияда Жамбыл облысының және қаласының аумағында бірнеше химиялық зауыттардың шоғырлануынан ауаға келетін зиянды мәселелер талқыланады. Онда Жамбыл облыстық экологиялық комитетінің мынадай мәліметі көрсетілген: Атмосфераның ластану индексі Жамбыл қаласында өте жоғары, ол тек қана 1990 жылы 19,7 болды, ал ол норма бойынша 1 болуы керек.

Концентрация ауа бассейнінде нормадан 3 есе көп. Дәл осындай жағдай жер мен суға да қатысты.

Сол жиында баяндама жасаушылар химия өнеркәсібінің Жамбыл өңірінің табиғатына, халықтың тұрмысына әкелетін зияндары осыған дейін мүлде айтылмай келгенін алға тартқан. Химия зауыттарының аса үлкен деңгейде, толық нәтижелі улы және былғаныш газдарды, улы және былғаныш суларды тазалайтын жүйесі болмаса, қалдықтарды толық тазалайтын сүзгіштер орнатылмаса, дертке душар қылатын ауру әкелетінін ашып айтқан.

Одан беріде талай жылдар өтті. Жоғарыда көтерілген мәселелер он шешімін тапқан шығар деген сенімдеміз. Десек те өзіміз тұрып жатқан Тараздың экологиялық ахуалына зер салмасак болмайды. Қазір автокөліктен жолдар қайысқандай. Олардан шығатын улы газдың өзі ауаны ластайды. Қаланың қай тұсына барсаңыз да құрылысы жүріп жатқан үйлерден көз тұнады. Оған саулеті келіскен жеке үйлерді қосыңыз. Тіпті қаланың батыс жағында зауыт айналасында таудай болып жатқан қалдықтың маңына дейін тұрғын үйлер салынып жатыр. Өлгі үйінділерді адамдардың денсаулығына зияны жоқ деп айтуға бола ма?

Қазір елімізде экологиялық Заң кодексі қаратылып жатыр. Ендігі үмітіміз сол кодексте.

Жарықасын ДІЛДАБЕКОВ,
облыстық мемлекеттік архивтің қызметкері.